

**"Нормативтік құқықтық актіге негіздеме-анықтама нысанын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі № 240  
бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 518 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 қыркүйекте № 12117 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 912 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 21.10.2016 № 912 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидаларының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Нормативтік құқықтық актіге негіздеме-анықтама нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі № 240 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 4376 тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:  
көрсетілген бұйрықпен бекітілген нормативтік құқықтық актіге анықтама-негіздеме нысаны мындай мазмұндағы 8-1-бағанмен толықтырылсын:

«

8-1.	Реттеушілік әсерді талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты (бар болса)	
------	---	--

»

2. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті осы бұйрықты аумақтық әділет органдарының, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Имашев*